

Жалға алу үйлеріндегі төленетін жалдау мөлшерінің көлемін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 шілдедегі № А-7/203 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 тамыздағы № 1-12-132 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № А-13/352 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2011.12.14 № А-13/352 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңның 97-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министірлігінің 2008 жылы 30 қыркүйектегі № 395 бұйрығымен бекітілген жалдау ақысын есептеу әдістемесі негізінде, Жарқайың ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Жарқайың ауданының жалға алу үйлеріндегі төленетін жалдау мөлшерінің көлемі 1 шаршы метрге жалға алу төлемінің есебінен қосымшаға сәйкес б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу аудан әкімінің орынбасары М . Қ Ж ү н і с о в к е ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Жарқайың ауданы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі А.Қалжанов
Ж а р қ а й ы ң а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы « 1 9 » 0 7 № А - 7 / 2 0 3
қаулысына қосымша

Жалға алу үйлеріндегі 1 шаршы метрге төленетін жалдау мөлшерінің есебінен жалға алу төлемінің көлемі

Жалға алу үйлеріне төленетін жалдау төлемінің есебі кезінде, келесі к ө р с е т к і ш т е р қ о л д а н ы л а д ы :

А-жалға алу үйлеріне төленетін жалдау төлемі, айына 1 шаршы метр теңге;
Ц-мемлекеттік қабылдау актісіне сәйкес тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір

шаршы метрінің құрылысының (алуының) құны;
Т-үйдің қызметтік есептік мерзімі, жыл;

Р-пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сол сияқты жер учаскесінің күтілуіне қажетті төлемнің сомасы, айына 1 шаршы метр теңге, келесі формула бойынша анықталады:

$$P = \Gamma / 12 / E_{п}$$

Г жерінде-жергілікті атқарушы органмен (мемлекеттік кәсіпорынмен) тартылған немесе құрылған тұрғын үй-пайдалану қызметінің шығынының жылдық сметасы, пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сол сияқты жер учаскесінің күтілуіне, теңге/жыл

Еп-тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы алаңының сомасы, шаршы метр

Жалға алу үйлеріндегі жалдау мөлшерінің көлемі 1 айға келесі формула бойынша есептелінеді:

$$A = Ц / T / 12 + P$$